прокуратурасы
27.07 20 18 ж.
№ 2-12-18-04371
Шымкент қаласы

Шымкент қаласының
Қаратау аудандық сотына

Арыз беруші: Шымкент қаласы
**Қаратау ауданы прокурорының м.а.**
*Шымкент қаласы, Республика даңғылы,*
*№6 «А», тел.33-84-31*

Мүдделі тұлғалар: Қазақстан Республикасы
**Ұлттық қауіпсіздік комитеті**
*Астана қаласы, Сығанақ көшесі, №20*
**Қазақстан Республикасының**
**Ішкі істер министрлігі**
*Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, №1*
**Қазақстан Республикасының**
**қаржы Министрлігі**
*Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, №10*
**Қазақстан Республикасының**
**Ақпарат және коммуникациялар**
**министрлігі**
*Астана қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, №8*
**Mirzakhmedov Mukhamedjon Serikboy O'gli**
**(Мирзахмедов Мухамеджон Серикбой угли)**
*Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Гранитный кенті,*
*ЕЦ-166/25 мекемесі*

АРЫЗ

*ҚР Азаматтық процестік кодексінің 47 тарауының тәртібімен*
*Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда*
*басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе)*
*таратылатын ақпараттық материалдарды*
*террористік деп тану туралы*

Қазақстан Республикасының Конституциясының *(әрі қарай - Конституция)* 1-бабына сай, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 2-бабына сай Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Конституцияның 20-бабының 3-тармағына сай, Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының 1-тармағының 18)тармақшасына сай, террористік іс-әрекет - төмендегі әрекеттердің кез келгенін жасау: терроризм актісін ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, қаржыландыру және іске асыру; терроризм актісін жасауға айдап салу; терроризм актісін жасау мақсатында заңсыз әскерилендірілген құралымды, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), ұйымдасқан топты ұйымдастыру, сол сияқты осындай құрылымдарға қатысу; террористерді азғырып тарту, қаруландыру, үйрету және пайдалану; терроризм актісін ұйымдастыруға, жоспарлауға, дайындауға және жасауға ақпараттық тұрғыдан немесе өзгедей жәрдемдесу; терроризм идеяларын насихаттау, террористік материалдарды тарату, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып тарату.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағы 8-тармақшасына сай ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлерге кез келген нысандардағы және көріністердегі терроризм мен экстремизм жатады.

Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 3-бабының 2-тармағына сай Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады.

Осы Заңның 10-бабының 1-тармағының 1-тармақшасында терроризмді насихаттауға тыйым салынатындығы көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 23-бабының 6-тармағының 1-тармақшасына сай, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін бұқаралық ақпарат құралдарының баспа өнімдері мен өнімін таратуға тыйым салынады.

Шымкент қаласының Қаратау аудандық сотының 14.02.2018 жылғы №1-54/2018 үкімімен Mirzakhmedov Mukhamedjon Serikboy O'gli (Мирзахмедов Мухамеджон Серикбой угли) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 174-бабының 1-бөлігімен, 256-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, түпкілікті 6 (алты) жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған.

Жоғарыдағы сот үкім заңды күшіне енген.

Сот үкіміне сай 2017 жылдың қаңтар айында, Қазақстан Республикасында тыйым салынған, «Ислам мемлекеті» (ДАИШ) және «Ал-Ихван аль-Муслимун» халықаралық террористік ұйымдардың, діни және ұлттық алауыздықты, терроризмді насихаттайтын материалдарын, бейне және аудио роликтері мен ұрандарын Қазақстан Республикасы аумағындағы азаматтарға тарату мақсатында, Ғаламтордағы «Вконтакте» әлеуметтік

желісінде «Андрей Жданов» электрондық парақшасын ашып, артынан оны «Abu Hanifah» (https://vk.com/id442307887) деп өзгерткен.

M.S.Mirzakhmedov (М.С.Мирзахмедов) қолданысындағы смартфон құралын пайдаланып, Ғаламтордағы көрсетілген әлеуметтік желілер арқылы, Сирия Араб Республикасы аумағында қарулы қақтығыстарға қатысып жатқан «Ислам мемлекеті» (ДАИШ) және «Ал-Ихван аль-Муслимун» халықаралық террористік ұйымының содырларының, терроризмді, діни және ұлттық алауыздықты насихатттайтын материалдарын тарату мақсатында алып, өзіне көшіріп, отырған.

M.S.Mirzakhmedov (М.С.Мирзахмедов) қылмыстық ниетін жүзеге асыру мақсатында, өзінің қылмыстық ойының заңға қайшы және Қазақстан Республикасының ұстанып отырған саясатына қарсы екенін біле тұра, терроризмді, діни және ұлттық алауыздықты қоздыруды насихаттайтын материалдарды, яғни аудио және бейне жазбаларын Қазақстан Республикасының азаматтарына, бұқаралық ақпарат құралы және ақпараттық-коммуникациялық желілері арқылы тарату мақсатында, өзінің қолданысындағы «Ғаламторға» қосылуға мүмкіндігі бар, «HUAWEI P10 VTR-L29» маркалы смартфон – ұялы телефонын қолданып, бұқаралық ақпарат құралы және ақпараттық-коммуникациялық желісі – ғаламтордағы «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Андрей Жданов» және артынан «Abu Hanifah» парақшасында салып, халыққа жариялауға шешім қабылдаған.

2017 жылдың қаңтар айында осы қылмыстық іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында, M.S.Mirzakhmedov (М.С.Мирзахмедов) қолданысындағы смартфон – ұялы телефон құралын қолданып, бұқаралық ақпарат құралы және ақпараттық-телекоммуникациялық желісі – ғаламтордағы «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Андрей Жданов» кейінгі атауы «Abu Hanifah» болып өзгертілген парақшасына діни, ұлттық алауыздықты қоздыратын «Ajnad-Sbornik Nasheed IS», «Мияннмардаги Мусулмонларни Улдиришни Тухтатинг», «Uzbek Kino Halab Holatidan Arxiv» материалдарын және терроризмді насихаттайтын, «Abu Saloh – Jihoddan nima to#039 smoqda», «Абу Салох – Бизнинг жиходимиз дуне учун эмас», «Ajnad-Sbornik Nasheed IS», «@ihsanilim Abdulloh Buhoriy-Hijrat haqida», «@ihsanilim Abdulloh Buhoriy-Hijrat haqida» (1), «Abdulloh Buhoriy – Ulamolar tuhmatlar» аудио және бейне роликтерді жүктеп, сақтаған.

Жоғарыдағы аталған қылмыстық іс шеңберінде жүргізілген 08.11.2017 жылғы №4162 кешенді психологиялық-филологиялық және дінтанушылық сот сараптамасының қорытындысына сай Abu Saloh - Jihoddan nima to=39;smoqda/,/Абу Салох – Бизнинг жиходимиз дунё учун эмас/,/Ajnad – Sbornik Nasheed IS/файлдары /@ihsanilimAbdulloh Buhoriy – Hijrat_haqida/,/@ihsanilimAbdulloh Buhoriy – Hijrat _haqida/,/Abdulloh Buhoriy – Ulamolarga tuhmatlar/ файлдары мәтіндерінде терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру белгілері бар екені көрсетілген.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған ақпараттық материалдар, оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынып, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет - желілерінде террористік деп танылуға жатады.

Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-4-бабына сай Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын және террористік іс-әрекет белгілері және (немесе) оны жүзеге асыруға, оның ішінде терроризм актісін жасауға шақыру қамтылған не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе

актайтын ақпараттық материалдарды прокурордың өтініші бойынша осындай талаптарды мәлімдеген прокурордың орналасқан жері бойынша немесе осындай материалдардың табылған жері бойынша сот оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым сала отырып, террористік деп танылып, оларды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54-бабының 3-бөлігіне сай прокурор азаматтардың құқығын, бостандығын және заңды мүдделерін, сондай-ақ ұйымдардың құқығын және заңды мүдделерін, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін заңнамаға сәйкес сотқа арызбен жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 616-бабының 16-тармағына сай прокуратура органдары - барлық талап қоюлар бойынша соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54, 376-баптарын, «Прокуратура туралы» Заңының 30-бабын, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-4-бабын басшылыққа ала отырып,

СҰРАЙМЫН:

1. Abu Saloh - Jihoddan nima to=39:smoqda/./Абу Салох – Бизнинг жиходимиз дунё учун эмас/./Ajnad – Sbornik Nasheed IS/файлдары /@ihsanilimAbdulloh Buhoriy – Hijrat_haqida/./@ihsanilimAbdulloh Buhoriy – Hijrat _haqida/./Abdulloh Buhoriy – Ulamolarga tuhmatlar/ ақпараттық файлдарды террористік сипатта деп тануды.

2. Сот шешімінің Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды тарату бөлігінің орындалуын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне жүктеуді.

3. Арыздың қаралу күні туралы аудан прокуратурасына хабарлауды.

Шымкент қаласы
Қаратау ауданы прокурорының м.а. Д. Айтишев

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОТ САРАПТАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК филиалы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Сот сараптамалары институты

Филиал РГКП «ЦЕНТР СУДЕБНЫХ ЭКСПЕРТИЗ» МИНИСТЕРСТВА ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Институт судебных экспертиз по Южно-Казахстанской области

Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 65 үй, т. 8 (7252) 53-01-87, ф. 8(7252) 55-07-15

город Шымкент, улица Туркестанская, дом 65 т. 8 (7252) 53-01-87, ф. 8(7252) 55-07-15

# САРАПШЫНЫҢ № 4162 ҚОРЫТЫНДЫСЫ
## (кешенді)

08.11.2017 ж. Шымкент қ.

06.10.2017 жылы ҚР ӘМ Сот сараптамалары орталығының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамалары Институтына ҚР ҰҚК ОҚО бойынша департаменті 9 басқармасының аға тергеушісі майор А.Сарсебаевтың №175100041000116 қылмыстық іс құжаттары бойынша кешенді психологиялық-филологиялық және дінтанушылық сот сараптама жүргізу үшін материалдар келіп түсті. Олардың сипаттамасы қорытындының зерттеу бөлімінде берілген.

Сараптамаға қаулы мен айғақты заттарды қолма-қол А.Сарсебаев ұсынды.

**САРАПТАМАНЫҢ ШЕШУІНЕ ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАР:**

« - Ұсынылған М.С.Мирзахмедовтың «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Abu-Hanifa» (https//vk.com/id442307887) атты парақшасы бойынша жүргізілген АШ-4.2 материалдары жазылған №116/78к және 116/800қ DVD «Telegram» телекоммуникациялық әлеуметтік желісінен алынған №116/787қ дискіде:

1) ***Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру белгілері бар ма?***

2) ***Діни, ұлттық, әлеуметтік алауыздықты қоздыру белгілері бар ма?***

3) ***Азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшылығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау бар ма?***

4) ***Мазмұндалған көзқарастар қай діни ағымға немесе ұйымға жатады? Басқа ұлт, нәсіл, діндерге қатысты қандай көзқарастар уағыздалады?***

5) ***Террористік топтың құрылуы мен басқарылуына, оның қызметіне қатысуға немесе басқа да астыртын қызметке сілтейтін белгілер бар ма?***

6) ***Террористік немесе экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында тұлғаларды жасақтау, дайындау немесе қаруландыруға сілтейтін белгілер, мәліметтер бар ма?»***

**ЕСКЕРТУ:** «Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу Қағидаларына» сәйкес:

- қаулының №3 сұрағының «насихаттау» туралы бөлігінің шешуі сарапшының құзіретіне жатпайды, зерттеуге ыңғайлы болу үшін қаулының №№2, 3 сұрақтары біріктіріліп, төмендегі үлгімен қабылданды:

*«Ұсынылған М.С.Мирзахмедовтың «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Abu-Hanifa» (https//vk.com/id442307887) атты парақшасы бойынша*

*жүргізілген АШ-4.2 материалдары жазылған №116/78к және 116/800қ DVD «Telegram» телекоммуникациялық әлеуметтік желісінен алынған №116/787қ дискіде діни, ұлттық, әлеуметтік алауыздықты қоздыру белгілері, азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы не кемдігі туралы сөйлемдер бар ма?»;*

- қаулының №№1, 5, 6 сұрақтары саясаттанушымен, №№2, 3 сұрақтары филологпен, № 4 сұрақ дінтанушы сарапшымен шешілді;
- ҚР ҰҚК ОҚО бойынша Департаменті 9 басқармасының тергеушісі капитан С.А.Есенгельдиевтің қаулысы бойынша сараптама өндірісіне бір реттік тәртіппен сарапшы ретінде «Intercom Engineering» ЖШС-ң қызметкері, жоғары саясаттанушылық білімі, саясаттану магистрі академиялық дәрежесі және 2010 жылдан жұмыс өтілі бар Турманова Қарлығаш Амракуловна; М.Ұлықбек атындағы №3 орта мектептің өзбек, қазақ және орыс тілдерінің мұғалімі, өзбек тілі филологы Юнусова Дильдора Ирисметқызы; Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті Ақпараттандыру жаратылыстану институтының оқытушысы, араб тілі мамандығы бойынша филология магистрі академиялық дәрежесі бар Бабаев Нурлан Ермекович тартылды.

**Сараптама өндірісі төмендегі сарапшыларға тапсырылды:**

- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамалары Институтының бас сарапшысы, жоғары филологиялық білімі, «Психологиялық-филологиялық сот сараптамалық зерттеу» мамандығы бойынша сот сарапшысы біліктілігі және 2004 жылдан сарапшылық өтілі бар Жунисова Нилжан Балыкбаевнаға;
- Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамалары институтының бас сарапшысы, жоғары дінтанушылық, филологиялық және заң білімі, дінтану магистрі академиялық дәрежесі, «Сот сараптамалық дінтанушылық зерттеу» мамандығы бойынша сот сарапшысы біліктілігі және 2005 жылдан сарапшылық өтілі бар Мирзаходжаев Абдулла Абибуллаұлына;
- «Intercom Engineering» ЖШС-ң қызметкері, жоғары саясаттанушылық білімі, саясаттану магистрі академиялық дәрежесі және 2010 жылдан жұмыс өтілі бар Турманова Қарлығаш Амракуловнаға;
- М.Ұлықбек атындағы №3 орта мектептің өзбек, қазақ және орыс тілдерінің мұғалімі, өзбек тілі филологы Юнусова Дильдора Ирисметқызына.
- Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті Ақпараттандыру жаратылыстану институтының оқытушысы, араб тілі мамандығы бойынша филология магистрі академиялық дәрежесі бар Бабаев Нурлан Ермековичке.

Көрінеу жалған қорытынды бергені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 420-бабы бойынша көзделген қылмыстық жауапкершілік сарапшыларға ескертілген:__________, ______________________.

__________, _______________, _______________.

## ЗЕРТТЕУ

Берілген объектілерді зерттеу төмендегідей кестемен жүргізілді:

1. Объектілердің сыртқы түрін қарау;

2. Жүргізілген зерттеулердің ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау;

3. Психологиялық-филологиялық зерттеу (Жунисова Н.Б., Юнусова Д.И., Бабаев Н.Е.);

4. Дінтанушылық зерттеу (Мирзаходжаев А.А., Юнусова Д.И., Бабаев Н.Е.);

5. Саясаттанушылық зерттеу (Турманова Қ.А., Юнусова Д.И., Бабаев Н.Е.)

6. Синтездеу бөлімі;

ТҰЖЫРЫМДАР.

## 1. ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ СЫРТҚЫ ТҮРІН ҚАРАУ

Айғақты зат зерттеуге қапталған түрінде түсті.

Пакеттің сыртқы түрін тексеру және сипаттау.

**№1 пакет** – ақ түсті қағаздан жасалынған конверт, өлшемі, шамамен - 125 х 123мм. Пакеттің сыртында «ҚР ҰҚК ОҚОД 3 «Т» басқармасы Б.Усмановқа ҚБШ 4 материалдары DVD-R тіркеу №116/786қ» деген компьютермен орындалған жазулар бар және дөңгелек пішінді мөр басылған ақ түсті қағаз кесіндісі желімделген. Мөрдің айналасында: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» және ортасында «ПАКЕТТЕР ҮШІН» деген жазулар бар.

Пакеттің сыртын тексергенде ішін ашқан және механикалық зақымның белгілері байқалған жоқ.

№1 объект: бет жағында «1-16 X DVD+R 4.7 GB 120 min High Speed LALASAN» техникалық сипаттамалары және қара түсті маркермен «#116/786қ #116/786қ» деген жазулар бар күміс түсті компакт-диск. Мәтіні араб және өзбек тілдерінде орындалған.

**№2 пакет** – ақ түсті қағаздан жасалынған конверт, өлшемі, шамамен - 130 х 120мм. Пакеттің сыртында «ҚР ҰҚК ОҚОД 3 «Т» басқармасы Б.Усмановқа ҚБШ 4 материалдары DVD-R тіркеу №116/787қ» деген компьютермен орындалған жазулар бар және дөңгелек пішінді мөр басылған ақ түсті қағаз кесіндісі желімделген. Мөрдің айналасында: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» және ортасында «ПАКЕТТЕР ҮШІН» деген жазулар бар.

Пакеттің сыртын тексергенде ішін ашқан және механикалық зақымның белгілері байқалған жоқ.

№2 объект: бет жағында «1-16 X DVD+R 4.7 GB 120 min High Speed LALASAN» техникалық сипаттамалары және қара түсті маркермен «116/787қ 116/787қ» деген жазулар бар күміс түсті компакт-диск. Мәтіні араб және өзбек тілдерінде орындалған.

**№3 пакет** – ақ түсті қағаздан жасалынған конверт, өлшемі, шамамен - 130 х 125мм. Пакеттің сыртында «ҚР ҰҚК ОҚОД 3 «Т» басқармасы Б.Усмановқа ҚБШ 4 материалдары DVD-R тіркеу №116/800қ» деген компьютермен орындалған жазулар бар және дөңгелек пішінді мөр басылған ақ түсті қағаз кесіндісі желімделген. Мөрдің айналасында: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» және ортасында «ПАКЕТТЕР ҮШІН» деген жазулар бар.

Пакеттің сыртын тексергенде ішін ашқан және механикалық зақымның белгілері байқалған жоқ.

№3 объект: бет жағында «1-16 X DVD+R 4.7 GB 120 min High Speed LALASAN» техникалық сипаттамалары және қара түсті маркермен «116/800қ 116/800қ» деген жазулар бар күміс түсті компакт-диск. Мәтіні араб және өзбек тілдерінде орындалған.

Сараптамаға берілген компакт-дискілердегі мәтіндерді зерттеу барысында мынадай құрал-жабдықтар пайдаланылды:

- «Qmax» компьютері;
- «beyerdynamic» құлақ қабы (наушники).

## 2. ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІН АНЫҚТАУ

2.1. Жүргізілетін зерттеулердің ерекшелігіне сәйкес әдебиеттер таңдау:

1) Методика по производству психолого-филологической экспертизы (на предмет провоцирования этнической, расовой, религиозной и иной непрязни, позволяющей давать правовую оценку публичным высказываниям и материалам средств массовой информации. Астана-2008, под редакцией Аманкулова К.К., с.336.

2) Исследование объектов религиозного характера. Методические рекомендации для экспертов. Алматы, изд. ЦСЭ МЮ РК, 2004, с.90.

3) Арабско-русский словарь. Х.К. Баранов. Москва-2010.

4) Русско-арабский словарь. Под ред. В.М.Белкина. Москва-1993.

5) В.А.Иванов, Я.Ф.Трофимов. Религии в Казахстане. А.2003г.

6) Васильев Леонид Сергеевич. История религии Востока: Учеб. пособие - М., Ростов-н/Д: Книжный дом, Феникс 1992-432ст.

7) История религий в Россий: Учебник, Под. Общ. Ред. Н.А. Трофимчука-М. Рагс 2002-592ст.

8) Кулаков Андрей Евгеневич. Религий мира: 10-11 клас.учеб. пособие М-АСТ 1998-432ст.

9) Маймақов Ғ.Қ. Қазіргі заманғы дінтану негіздері.-Алматы, 2013.

10) Н.А.Мұқанова, Д.Райханқызы, А.К.Избаиров, Ж.Е.Нурбаев. Университет КАЗГЮУ, Астана. Сот дінтанушылық сараптамасын жүргізу жөніндегі әдістеме. 2015 – 116 б.

11) Оңтүстік Рабат. №15 (241) 15 сәуір 2015ж. Жаңа ислам мемлекеті: аңыз бен ақиқат, 3 б.

12) Ислам. Энциклопедический словарь. М. «Наука».1991.-С. 66-67).

13) Социологическая энциклопедия. Под общ. ред. А.Н. Данилова. Минск, 2003.

14) Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.

15) Основы политологии. Курс лекций. Н.К.Капесов. 1995.

17) Мангейм Дж.Б., Рич Р. Политология. Методы исследования. - М.:Весь Мир, 1997.

16) Узбекско-русский словарь. Под ред. И.Хайруллаева. Ташкент-1989.

16) Қазақша-өзбекше қысқаша сөздік. И.Иулдошев, Е.Абдувалитов, М.Иулдошев. Ташкент-2003.

2.2. Психологиялық-филологиялық зерттеу барысында пайдаланылған әдістер: семантикалық-синтаксистік анализ (сәйкес синтаксистік құрылымдар арқылы жасалған сөйлемді мағыналық жағынан зерттеу), қызметтік (функционалдық)-прагматикалық анализ (тілдік құрылымдардың қызметін тұтас сөйлем құрамында зерттеу), мәнмәтіндік (контекстуалдық) анализ.

2.3. Дінтанушылық зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

*Типологиялық әдіс* қандай да бір белгілері бойынша зерттелініп жатқан объектілерді бөлшектеу және топтастыру процедураларының жиынтығын білдіреді. Типологизация нәтижесінде статистикалық тұрғыдан берік белгілер тобы – типтер жасалады, олар белгілі бір объектілер, құбылыстар үшін типологиялық ортақтықтың моделін береді. Қайсы бір объектінің белгілерінің инварианттығы оны сәйкес типке жатқызуға мүмкіндік береді. Типтің ішіндегі объектілердің белгілерінің айырмашылығы кездейсоқ сипатта болады, бұл айырмашылықтар әр түрлі типтегі объектілердің қасиеттерінің айырмашылығымен салыстырғанда болар болмас. Типологизация көмегімен діндердің тарихи типтерінің, еркін ойшылдық типтерінің сипаттамалары алынған.

2.4. Саясаттанушылық зерттеу барысында келесі әдіс қолданылды:

Контент-талдау (ағыл. contens -мазмұн) –құжаттар мазмұнын сапалық-сандық талдау. Оның мақсаты осы құжаттарда көрініс тапқан әртүрлі деректер мен үрдістерді анықтау немесе өлшеу болып табылады. Контент-талдаудың ерекшелігі- құжаттарды әлеуметтік контексте зерттейді. Контент-талдау- жүйелі түрде алдын ала берілген категориялар терминдерінде мазмұнға сандық анықтама беруге талпыныс жасалатын құжаттар мен мәтіндерді талдау.

## 3. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

(Жунисова Н.Б., Юнусова Д.И., Бабаев Н.Е.)

***3.1. Ұсынылған М.С.Мирзахмедовтың «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Abu-Hanifa» (https//vk.com/id442307887) атты парақшасы бойынша жүргізілген АШ-4.2 материалдары жазылған №116/78к және 116/800қ DVD «Telegram» телекоммуникациялық әлеуметтік желісінен алынған №116/787қ дискіде діни, ұлттық, әлеуметтік алауыздықты қоздыру белгілері, азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшылығын, артықшылығын не кемдігі туралы сөйлемдер бар ма?***

Аталмыш сұраққа жауап беру үшін келесі негізгі ұғымның анықтамасы қажет:

*Әлеуметтік, ұлттық, діни алауыздықты қоздыру* деп - әр түрлі әлеуметтік топ, ұлттық, діни топтардың арасында қақтығыстар туғызуға әрекет жасау түсініледі. Олар күш көрсетумен, қорқытумен, бір ұлт, дін, әлеуметтік топ өкілдерінің айрықшылығы, артықшылығы және басқалардың кемшілігі туралы пайымдаулармен, қорлау және т.б. жүзеге асуы мүмкін.

Әлеуметтік, ұлттық, діни төзімсіздіктің басты белгілері болып мыналар табылады:

- қандай да бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діннің жағымсыз образын, сондай-ақ теріс этникалық стереотипті санада қалыптастыру және нығайту;

- азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін, діни сезімдерін қорлау;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діннің табиғи артықшылығын және басқалардың кемістігін айту;

- бір әлеуметтік, ұлттық, діни топтың әрекеттерін басқа топқа қарсы жасалған жауыздық әрекеттер мен қауіпті ниеттерге жатқызу;

- жеке бір өкілдің әрекеттері үшін бүкіл әлеуметтік, ұлттық, діни топты кінәлау және жауапкершілікті арту;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діннің түпкі жауыздығын, дұшпандығын растау;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діннің өкілдеріне қарсы әрекетке итермелеу;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттық, діни топ өкілдеріне қатысты геноцидті, депортациялауды, қудалау мен қуғын-сүргінді мақұлдау;

- белгілі бір әлеуметтік, ұлттық, діни топтың өкілдерін әртүрлі қызмет салаларынан ығыстыруды, қысып шығаруды талап ету;

- азаматтардың ұлттық, діни, әлеуметтік белгісіне қарай құқықтары мен бостандықтарының шектелуін немесе оларға аса жеңілдік жасалуын талап ету;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діннің өкілдеріне қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерге арандату;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діннің өкілдеріне қатысты қауіп төндіру мен қорқыту;

- белгілі бір әлеуметтік топтың, ұлттың, діни топтың басқаларға қарсы астыртын әрекеттері мен құпия жоспарларының бар екенін айту;

- жеке бір өкілдердің қандай да бір жағымсыз сипаттамасы мен кемістігін бүкіл этникалық, әлеуметтік, діни топқа тасымалдау;

- өткен және қазіргі таңдағы, келешектегі апаттар мен сәтсіздіктерді белгілі бір әлеуметтік, ұлттық, діни топтардың мақсатқа сәйкес әрекеттерінің болуымен байланысты түсіндіру.

*Дінге көзқарас, рулық, тектік-топтық, нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығы немесе кемдігін айтатын сөйлемдер* – арнайы лексика-грамматикалық, семантикалық құрылымдары азаматтардың табиғи, биологиялық, адамгершілік қағидалары, діни белгілеріне қарай кемсітетін немесе айрықшылығын, артықшылығын білдіретін сөйлемдер немесе сөйлемшелер. Грамматикалық жағынан олар «жақсы-жаман» принциптері бойынша салыстыру арқылы да жасалады.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сәйкес зерттеуге берілген материалдардың вербальді (ауызша-жазбаша) деңгейдегі анализі келесіні көрсетті:

1) №№1, 3 объектілердің /Abdulloh Buxoriy - Zolim hukumatlardan qorqib/ файлында діни алауыздықты қоздыру белгілері бар, мысалы:

*«Білесіз ба Ливанға көшіп барғандарға Башардың адамдары, осы Ливандағы шииттер осы көшіп барған жерлеріне барып шабуыл жасады. Шатырларда, қыста шүберектің астында отыр, дірілдеп, ана баласын емізіп жатыр дірілдеген жағдайда, бұл бақытсыздар келіп зұлымдық жасап жатыр бұлардың үстінен. Соғысып жатыр, өлтіріп жатыр, және бұлар, және бұлар кінәлі. Және*

*бұлар, бұлар террорист және бұлар залым. Және бұлар қыс уақытында үйінен айдап, қуып шығып жатыр» (08:54)»;*

*«Әйелдердің мәселесіне қараңыз. Шыдай алмайсың әйелдерге болған зұлымдық, ар-намысын таптауды көріп. Мешіттерге алып барып, мешіттерде зина қылып жатыр. Мешіттерге алып барады. Көріңіз бұның бәрі интернетте бар. Мешіттерге алып барып, арақ ішіп, музыка тыңдап отыр. Мұсылман әйелдерді, тыр жалаңаш қылып, билетіп, зина қылып жатыр мешіттерде» (09:55)* (№1 объект, файл / Abdulloh Buxoriy - Zolim hukumatlardan qorqib/).

Келтірілген үзіндіде автор шиттердің жасап жатқан зорлық-зомбылық әрекеттерінен ақпарат беріп, олардың жағымсыз образын санада қалыптастырады.

2) №3 объектінің /Uzbek Kino Halab Holatidan Arxiv/ файлында ұлттық алауыздықты қоздыру белгілері бар, мысалы.

*«...Халабтағы үш жүз елу мың тұрғыннан қазіргі таңда жүз елу мың тұрғын қалды. Қалғандары қайда? білмейсіз, білсеңізде білмегенге аласыз. Олардың көбі Башар Асад, орыс, Иран кәпірлері тарапынан инша Алла шаһид болды. Сіздер ерте таңда ұйымсыз тұрсаңыздар, олар әр күні түнде бомбаның астында ұйықтап тұрады. Сіздер ақыреттен қорықпайсыздар ма?...»* (№3 объект, папка /Абу Ханифах/видео/, файл /Uzbek Kino Halab Holatidan Arxiv/, 00:56 сек. – 01 мин. 19 сек.).

Келтірілген үзіндіде автор орыстардың жасап жатқан зорлық-зомбылық әрекеттерінен ақпарат беріп, олардың жағымсыз образын санада қалыптастырады және оларға қарсы жанама түрде белгілі бір іс-әрекеттке итермелейді.

3) №2 объект мәтіндерінде діни, ұлттық, әлеуметтік алауыздықты қоздыру белгілері, азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы немесе кемдігі туралы сөйлемдер жоқ екендігін көрсетті. Өйткені мәтіндер құрамында:

- ұлттық, діни және әлеуметтік алауыздық қоздыруға бағытталған қандай да бір ұлт, әлеуметтік топ, дін өкілдеріне жағымсыз баға беру келтірімеген;
- қандай да бір ұлт, әлеуметтік топ, дін өкілдеріне қарсы жағымсыз зорлық әрекеттерге итермелеулер келтірілмеген;
- қандай-да бір ұлтты, дінді, тектік-топты, руды, нәсілді немесе олардың өкілдеріне қатысты теріс-жағымсыз бағалау және «жаман-жақсы» деп азаматтарды салыстырулар жоқ.

Сонымен, зерттеуге берілген №№1, 3 объектілер мәтіндерінде діни, ұлттық, алауыздықты қоздыру белгілері бар, ал әлеуметтік алауыздықты қоздыру белгілері, азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы не кемдігі туралы сөйлемдер жоқ.

№2 объект мәтіндерінде діни, ұлттық, әлеуметтік алауыздықты қоздыру белгілері, азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік белгілері бойынша олардың айрықшылығы, артықшылығы не кемдігі туралы сөйлемдер жоқ.

## 4. ДІНТАНУШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

(А.А.Мирзаходжаев, Юнусова Д.И., Бабаев Н.Е.)

***4.1. Ұсынылған М.С.Мирзахмедовтың «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі «Abu-Hanifa» (https//vk.com/id442307887) атты парақшасы бойынша жүргізілген АШ-4.2 материалдары жазылған №116/78к және 116/800қ DVD «Telegram» телекоммуникациялық әлеуметтік желісінен алынған №116/787қ дискіде мазмұндалған көзқарастар қай діни ағымға немесе ұйымға жатады? Басқа ұлт, нәсіл, діндерге қатысты қандай көзқарастар уағыздалады?***

Дінтанушылық зерттеу үшін төмендегі анықтамаларды білу қажет:

Ал-Ихван аль-Муслимун (Мұсылман бауырлар Ассоциациясы) ұйымы 1928ж. Египетте шейх Хасан әл-Баннаның негіз салуымен пайда болды. Оның көзқарастарының қалыптасуына Абу Хамид әл-Ғазали, Мұхаммад Абдо, Жамал әл-Афғани және Рашид Риданың еңбектері елеулі әсер етті. әл-Банна исламның сунниттік ағымының шеңберінде әл-Афғани мен Риданың панисламизм идеясын дамытты және «ұлттық ислам», «ислам мемлекеті» жиһад концепциясын жасады. Ұйымның идеологиялық негізінде Сайд Құтыптың «Исламдағы әлеуметтік әділдік» және әл-Ғазали, Мұстафа ас-Сибайдың шығармалары ерекше орын алады.

Ұйымның идеологтары ислам әлемі европалық даму, оның мәдени және идеологиялық қағидаттары үлгісінің әсерінен арылып, қоғамдық өмірді Құран мен шариғат нормаларына сәйкестендіру қажет дейді. әл-Баннаның көзқарасы бойынша ислам мемлекетін құрудың басты мақсаты капиталистік және социалистік даму жолынан артық болып табылатын «ислами даму жолына» алып келеді.

Саяси идеал «Мұсылман бауырлар» мына ұранды ұстанады: «Алла біздің Құдайымыз, пайғамбар – басшымыз, Құран – конституциямыз, жиһад – жолымыз, Алла жолында өлу – біздің ең жоғары ұмтылысымыз»

«Мұсылман бауырлар Ассоциациясы» қайырымдылық, ағартушылық жолынан өтіп (1928-1936) терроды күресудің құралы ретінде белсенді түрде қолданатын саяси ұйым деңгейіне жетті. «Ассоциация» әскерилендірілген құрама құрайтын бірнеше әрі күрделі жүйеге бөлінді. Хасан әл-Банна өлгеннен кейін соның негізінде әрқайсысы өз алдына тәуелсіз ұйымдар ретінде Таяу және Орта Шығыс елдерінде «Мұсылман бауырлар қозғалысы» деп аталатын бірнеше топтар бөлініп шықты.

«Мұсылман бауырлар қозғалысы» бүгінгі таңда негізгі үш бағытқа бөлінген: орташа – бұл әл-Банна және Құтыптың ізбасарлары; ислам демократтары - «ислам социализмі» дейтін әртүрлі нұсқадағы жақтаушылар; терроды кеңінен қолданатын бірқатар экстремистік топтар. Бұл топқа «Мұсылман бауырлар Ассоциациясынан» ХХғ. 50-ші жылдары бөлініп шыққан «Хизбут-Тахрир» ислам азаттық партиясы жатады. Бүгінгі таңда ол араб елдерінің барлық аумағында бар және ол заңдастырылмаған жағдайда жұмыс істейді. Идеологияның негізінде ислами саяси-құқықтық жүйе - Халифатты құру болып табылады [1:166-167].

Зерттеуге ұсынылған №№1, 3 объектілер файлдары Ал-Ихван аль-Муслимун (Мұсылман бауырлар Ассоциациясы) ұйымына жатады. Материалдарда Ал-Ихван аль-Муслимун (Мұсылман бауырлар Ассоциациясы) ұйымына жататын төмендегі белгілер бар.

- жиһад жасауға уағыздау (шаһид болу);

- зайырлылық принциптерге қайшы әрекет;
- дәстүрлі емес діни көзқарастар;
- конфессияаралық төзімсіздік;
- Хижрат жасау;
- европалық даму, оның мәдени және идеологиялық қағидаттары үлгісінің әсерінен арылып, қоғамдық өмірді Құран мен шариғат нормаларына сәйкестендіру:
- Алла жолында жиһад жасауға еруге шақыру;

Мысалы:

*«....бір сахаба келді я расул Алла! жиһад амалына тең амалды айтыңыз деді. Ғибадатта оларға ешкім тең емес, Алла разы болған сахаба келіп пайғамбарымыздан сұрап жатыр. Жиһад амалымен тең болатын амалды айтыңыз деді, жиһадтан абзал деген жоқ, одан абзал амал жоқ екенін сахабалар біледі. Жиһадпен тең болатын амалды көрсетіңіз деді. Пайғамбарымыздың жауабын есітіңіз. Бұл жауап әрдайым жадыңызда болсын. Кім жиһадты тастамақшы болса білсін! Шамаларыңыз келмейді. Мужахидтің бір күндік ғибадатын істей алмайсыздар. Олардың бір күндік құлшылығы бір ай ораза ұстағаннан жақсырақ. Бір сағат мужахидтің сапында тұру, алпыс жылдық ғибадатыңыздан артық. Мужахидтің сипаты оразаны ифтарсыз өткізетін құлшылықтағы адам.....»* (№1 объект, файл /Abu Saloh - Jihoddan nima to#039;smoqda /), 01 мин. 33 сек. – 03 мин. 15 сек.);

*«....бұл пайғамбарлық. Наби с.ғ.с. дүние үшін соғысқан емес. Набиге с.ғ.с ерген мужахидтерде дүние үшін соғыспайды. Олардың соғысы Алланың калимасын жоғарылату үшін болған. Бұл соғыс пайғамбарымыздың атақ-абыройын сақтау үшін болып жатқан соғыс. Бауырлар!. Мекке фатх болғанда он мың сахаба кіріп барды. Он бес күн өткеннен кейін хижраттың сегізінші жылы «хунайн» соғысы болды. Он екі мың мұсылман қатысады. Екі мыңы қайдан келді. Екі мыңы жаңа дінге кірген Меккелік мұсылмандар еді. Пайғамбарымыз әуелі имандарыңызды күшейтіңдер, тәрбиеленіп алыңыздар, ілім алыңыздар деп оларды соғыстан қайтарған жоқ. Керісінше соғыс, жиһад адамды тәрбиелейді. Аллаға тәуекел етуге тәрбиелейді. Ақиданы үйретеді. Алла Тағала өмір беруші, жан алушы екенін тағылым етеді. Жиһад бұл үлкен тәрбие. Жиһад бұл үлкен медресе»* (№1 объект, файл /Абу Салоҳ - Бизнинг жиҳодимиз дунё учун эмас/, 01 мин. 18 сек. – 02 мин. 46 сек.);

*«.....сандар алдамайды, расулға (с.ғ.с.) Алла соғысуға рұқсат бергеннен кейін жүз рет әскери әрекет жасады. Әскери қозғалыстарда соғыс болсын, болмасын әрекет еткен. Қазір біз пайғамбарымыздың дәуіріне кез болып қалсақ Мединедегі мешіттің алдында болсақ сахабаларды көрген болар едік. Пайғамбарымыздың мешітінен бір топ сахабалар соғысқа кетер еді. Бір тобы қайтып келетін еді. Пайғамбарымыз бір тобына насихаттап бірге соғысқа шығып кетіп жатқанын көретін едіңіз....»* (№1 объект, /Абу Салоҳ - Бизнинг жиҳодимиз дунё учун эмас/, 04 мин. 24 сек. – 05 мин. 15 сек);

*«Бірақ жиһад бар. Жиһад ниетімен дүниенің әр тарапына кете бересіңдер. Ол бір хижрат» (06:11)»;*

*«Сендер жалпы шақырылғанда, шығу талап етілгенде шығыңдар деп жатыр. Яғни, әмір сендерге айтса: жалпы барлығың жиһадқа шығыңдар десе, бәрі*

*қозғалсын десе, бағыныңдар, барлығың, жаппай, бірге жиһадқа шығыңдар деп жатыр. Әмір бұйрық берген уақытында» (06:49)»* (№№1, 3 объектілер, /@ihsanilimAbdulloh Buhoriy - Hijrat_haqida/, /@ihsanilimAbdulloh Buhoriy - Hijrat_haqida (1)/, файлдары);

*«Жиһад қияметке дейін жалғасатын ең ұлы, абзал және ең маңызды амалдардың бірі. Жиһадты ешкім тоқтата алмайды. Жиһад бәрібір қияметке дейін жалғасады. Сендермен соғысып жатқан кісілермен Алланың жолында соғысыңдар. Алла субханаху уа Тағала осы аятта ашықтан-ашық соғысуға бұйырып жатыр. «Қаатилуу» соғысыңдар деп жатыр. Кейбір адамдар құранда келген жиһад сөзі «Мужәһәда» дегені, бұл нәпсі тәрбиесі, немесе ғылыми жағынан я болмаса экономикалық жағынан дін дұшпандары, кәпірлерег қарсы күресу, бұл қару дегені емес деп кәззәптік, дажжалдық жасайды. Бірақ бұл аят міне «қаатилуу» деп жатыр, қатл (өлтіру), қитал (соғыс) сөзі қолданылып жатыр, соғысыңдар деп жатыр Алла Тағала. Алланың жолында соғысыңдар деген сөзді, сіз қаламмен болатын жиһад, іліммен болатын жиһад, дағуатпен болатын не болмаса экономикалық жиһадтарға деп түсініктеме бере алмайсыз. Алла жолындағы жиһад мүшріктерге, мүшріктердің барлығына қатысты. Соғыс жасайтын болса дұрыс тура болады. Алла тағала тақуа кісілермен бірге дейді. Сіз Алла жолында жиһад қылсаңыз тура жолда боласыз. Жиһадқа қарсы шыққандар, бұл заманда немесе бұл заманнан кейін жиһад болмайды деген кісілер тақуа кісілер емес, керісінше осының терісі болады, яғни кәпір не болмаса мұнапық болады. Алланың жолында малдарыңмен, жандарыңмен жиһад қылыңдар, соғысыңдар деп жатыр» (06:40)»* (№№1, 3 объектілер, файл /Abdulloh Buxoriy - Ulamolarga tuhmatlar/);

- европалық даму, оның мәдени және идеологиялық қағидаттары үлгісінің әсерінен арылып, қоғамдық өмірді Құран мен шариғат нормаларына сәйкестендіру:

*«Мысалы, басқа дүниедегі қазіргі күпір мемлекеттер, Европа болсын, Япония болсын, Америка болсын, Ресей болсын, кәпір олар өздерін соншалықты мақтайды, біздің қалаларымыз өте таза, өте әдемі, тағы-тағысын жарнамалар көп. Олар өздерінің қалаларын, орталықтарын жарнамалай отырып, сол керісінше ислам орталықтарын оны қарама-қайшы көрсету үшін әрекеттер жасайды. Ислам орталықтарының барлығына барыңыз, тек қана Мысыр емес, тіпті Саудияға барсаңыз да, Харамнан сәл алыстаған соң, осындай кемшіліктерді көресіз, міне Пакистан ислам орталықтарының бірі, Пакистан қалаларын айналсаңыз, осындай кемшіліктерлі көресіз. Немесе Сирия, соғыстан алдын мысалы Дамаск, ислам орталықтарының бірі, бірақ орталықтан сәл алыстасаңыз ондай кемшіліктерді көресіз. Яғни дүниедегі ислам орталықтарының барлығында осындай кемшіліктерді көресіз. Не үшін енді кейбір танымал қалаларда* тазалық, қаладағы тәртіп, жүйе толық талапқа сай, ал ислам орталықтарында мұндай кемшіліктер бар. Міне сұрақ? Не, сол елдердің қолынан келмей ме?! Таза болып тұрған елдерде не айырмашылық бар. Тазалығы дамыған елдерде, сол тазалықпен айналысатын арнайы адамдар бар, арнайы ұйымдар бар, тек қана сол тазалықпен айналысады. Таңнан кешке дейін істейтін жұмысы тазалық. Басқа ісі жоқ. Оған бөлек айлық бөлінеді. Үлкен қаржы бөлінеді. Енді сол нәрселерді осы орталықтарда жасаса бомлай ма?*

*Болады. Егер жасаса үкімет қиналып қала ма? Қиналмайды. Үкіметке аса қиын мәселе емес бұл. Бұл қаражаттар үкіметке салмақ емес. Бірақ бұл кәпірлер тарапынан әдейі жасалынып жатқан бұл бір ойын. Сол нәрсеге көңіл бөлінбейді, жолын тосып, мүмкіндіктер азайтылады, одан мақсат исламды адамдарға жаман көрсету. Исламнан адамдарды жиіркендіру үшін» (09:29)»* (№№1, 3 объектілер, файл /@Abdulloh_Buhoriy - MISR HAQIDA/);

Хижрат жасау (күпір елін тастап, ислам өлкесіне көшу);

*«Саяси, әскери жүйелерде Отанды тастап шығуға қолданылады. Күпір елін тастап шығу. Немесе дінін ұстана алмаған елді тастап, дінін ұстана алатын жерге баруы. Хижрат (елден шығып кету) қияметке дейін жалғасады. Ешкім хижратты тоқтата алмайды. Яғни, күпір елдерін зұлымдық елдерін тастап шығу жалғаса береді. Кейде сондай болады, ислам ел болғанмен, зұлымдық елі. Зұлымдық жасалынады. Бәрі мұсылманмын деп жатыр. Үкімет те мұсылманмын деп жатыр. Бірақ зұлымдық жасалынып жатыр. Мысалы ширк жоқ, күпір жоқ, бірақ патшалар кейбір ғалымдарды ұстап, сен мені мақтайсың, не істесем де, дұрыс істеп жатыр, дұрыс айтып жатыр деп айтасың десе, сол ғалымға хижрат жасау уәжіп болады.*

*Ол күнәға сабыр етпеуі тиіс. енді, мысалы бір жерде ислами мемлекет, мұсылман жасайтын жер, бірақ намаз оқуға рұқсат жоқ, әйелдерге хижабқа рұқсат жоқ, Құран, хадис ілімдеріне, дін үйренуге рұқсат жоқ, сондай кезде хижрат жасау парыз болады. Күпірге мәжбүрлеп жатқан болса, хижрат қылу иман болады. Хижрат жасамаған кәпір болады. Дін мәселе болып тұрған жерде, егер мұсыландар жасап тұрған жер бөлса да, дін масқараланып жатыр, теледидарларда, радиоларда, мәжілістерде, көшелерде, онда хижрат қылуыңыз иман болады. Хижрат жасамасаңыз кәпір боласыз. Себебі дін масқараланып жатыр. Сіздің алғашқыда жүрегіңіз ауырып жүреді да, кейін үйреніп қаласыз, сізге қарапайым болып қалады бұл нәрсе. Күпірге батып кеткеніңізді білмей қаласыз. Бұның мысалдары өте көп» (02:21)* (№№1, 3 объект, файл / @ihsanilimAbdulloh Buhoriy - Hijrat_haqida/);

*«Сіз егер дініңізді ұстана алмай жүрсеңіз, айтқан сөзіңізді жасай алмай жатырсыз ба?! Қоймай жатқан болса сіздің үкіметіңіз, молдаларыңыз қоймай жатса, сізге хижрат жасау парыз болады, парыз болады, парыз болады. Егер хижрат жасамасаңыз ең кемінде үлкен күнәһар боласыз, тозаққа отын боласыз және күпірлікте қатері бар. Кәпір болып қалуыңыз мүмкін» (00:37);* (№№1, 3 объектілер, файл /Abdulloh Buxoriy - Hijratni_tark_qilishlikni yomon oqibatlari/);

- №№1, 3 объектілердің /Abdulloh Buxoriy - Zolim hukumatlardan qorqib/ файлдарында шииттерге қатысты теріс-жағымсыз көзқарастарды уағыздайды, мысалы:

*«Білесіз ба Ливанға көшіп барғандарға Башардың адамдары, осы Ливандағы шииттер осы көшіп барған жерлеріне барып шабуыл жасады. Шатырларда қыста шүберектің астында отыр, дірілдеп, ана баласын емізіп жатыр дірілдеген жағдайда, бұл бақытсыздар келіп зұлымдық жасап жатыр бұлардың үстінен. Соғысып жатыр, өлтіріп жатыр, және бұлар, және бұлар кінәлі. Және бұлар бұлар террорист, және бұлар залым. Және бұлар қыс уақытында үйінен айдап, қуып шығып жатыр» (08:54)»;*

*«Әйелдердің мәселесіне қараңыз. Шыдай алмайсың әйелдерге болған зұлымдық, ар-намысын таптауды көріп. Мешіттерге алып барып, мешіттерде зина қылып жатыр. Мешіттерге алып барады. Көріңіз бұның бәрі интернетте бар. Мешіттерге алып барып, арақ ішіп, музыка тыңдап отыр. Мұсылман әйелдерді, тыр жалаңаш қылып, билетіп, зина қылып жатыр мешіттерде» (09:55)* (№1 объект, файл /Abdulloh Buxoriy - Zolim hukumatlardan qorqib/);

- №3 объектінің /Мянмардаги Мусулмонларни Ўлдиришни Тўхтатинг!/ файлында будда дінінің өкілдеріне қатысты теріс-жағымсыз көзқарастарды уағыздайды, мысалы.

*«...Мянмадағы жабайы Буддистер қашып үлгермеген мұсылман бауырлармен әпке-қарындастарымызды тірі жәндікті бауыздағандай бауыздады, сойды. Мәліметке орай бұл залымдар үш мыңа жуық мұсылмандарды сойып, жас-қартына қарамай тірідей жандырып жіберді. Білуіміз тиіс! Бұл жабайылық бірінші рет емес. Бұл амалдар бүкіл мұсылман үмметіне жүз жыл бұрын бастап шығына келді. Шынында бұл жанашырлық жағдай. Бұл аймақта ахуал нашар. Күннен күнге күрделеніп бара жатыр. Буддисттер кәпірлер тарапынан қиратуда. Жүздеген мешіт қираған......»* (№3 объект, папка /Абу Ханифах/видео/, файл /Мянмардаги Мусулмонларни Ўлдиришни Тўхтатинг!/, 05 мин. 20 сек. - 06 мин. 21 сек.);

*«....бұлардан басқа «ә» дегенде түрлі сылтаумен бас көтерген ұлтшыл буддистер мыңдаған мұсылмандардың мал-мүлкін талан-тараж қып, шаруа жерлерін ойран қылып, үй-жайларын өртеді. Өздерін тірідей жандырып, көміп қиратуда. Жоғарыдағы мәліметке орай жақын күндері, бір аптаның ішінде мыңдаған мұсылмандар өлтірілді.....»* (№3 объект, папка /Абу Ханифах/видео/, файл /Мянмардаги Мусулмонларни Ўлдиришни Тўхтатинг!/, 07 мин. 32 сек. – 08 мин. 04 сек.);

- №3 объектінің / Uzbek Kino Halab Holatidan Arxiv/ файлында орыс ұлтының өкілдеріне қатысты теріс-жағымсыз көзқарастарды уағыздайды, мысалы.

*«...Халабтағы үш жүз елу мың тұрғыннан қазіргі таңда жүз елу мың тұрғын қалды. Қалғандары қайда? білмейсіз, білсеңізде білмегенге аласыз. Олардың көбі Башар Асад, орыс, Иран кәпірлері тарапынан инша Алла шаһид болды. Сіздер ерте таңда ұйымсыз тұрсаңыздар, олар әр күні түнде бомбаның астында ұйықтап тұрады. Сіздер ақыреттен қорықпайсыздар ма?...»* (№3 объект, папка /Абу Ханифах/видео/, файл /Uzbek Kino Halab Holatidan Arxiv/ 00:56 сек. – 01 мин. 19 сек.);

«Ирак және Леванта ислам мемлекеті» («ИЛИМ») немесе Ирак және Шам ислам мемлекеті – ИШИМ, сондай-ақ «Ислам мемлекеті» - орыс транслитерациясында: *ад-Даулят ал-Исламийя*, латын транслитерациясында: alDʌulë alḀslamîë) – халықаралық ислами террористік ұйымы.

Ұйым 15 қазан 2006 жылы Ирак жерінде жергілікті «Аль-Каида» бөлімшесінің бастауымен бірқатар радикальды ислам топтарының бірігуі нәтижесінде атап айтқанда, «Ансар ат-Таухид», «Аль-Ғураба», «Ислам жихады», «Асаиб әль-Ахуаль», «Жамаъа әль-Мурабитин», «Ансар ат-Таухид уа-с-Сунна», «Фурсан ат-Таухид», «Жунд Милләт әль-Ибрахим» сияқты ірілі-ұсақты ислам топтарымен бірігіп көшбасшысы Абу Умар әль-Бағдади басшылығымен «Ирак ислам

мемлекетінің» құрылғанын жариялады. 9 сәуір 2013 жылы бұл ұйым «Ирак және Шам ислам мемлекеті (басқа нұсқада «....және Леванта») деп атала бастал 2014 жылдың маусым айының соңында «Ирак және Леванта ислам мемлеке ұйымы «Ислам мемлекеті» (ИМ) деп аталды. Оның басында ұйым көшбасшы Әбу Бәкір әль-Бағдади (Абдолла Ибраһим ас-Самараи) тұрды.

Сонымен, бүгінгі таңда бұл ұйым Ирак және Леванта ислам мемлеке «ИЛИМ», Ирак және Шам ислам мемлекеті «ИШИМ» және Ислам мемлеке «ИМ» деген атаулармен аталады.

